

ассоциации с героями восточных дастанов, в частности, с Рустамом из «Шахнаме» Фирдоуси. Позже Снегин-рассказчик пояснит, почему его герой носит именно это имя «...Как теперь, мне ведомо, он с успехом мог назваться Ремом, Роем, Романом, Робин Гудом или Редедей. Предпочел имя Рустам. Так тому и быть» [3, с.8]. Многоликость, аморфность, «текучесть» героя лишает его такой определенной значимости как имя собственное, И Снегин подчеркивает эту черту современного общества прежде всего в заглавии.

Повествование ведется от первого лица, то есть от имени Снегина – это также является доминирующей приметой его новой манеры. Рассказчик Снегин является активным участником событий, главным персонажем, то есть автор выступает и как художественный образ, и как реальное лицо, который действует в том же мире, что и остальные персонажи, но все же имеет возможность выйти за пределы текстовой реальности. Поэтому он имеет право делать заключение и подводить неутешительные для себя выводы и благодарить судьбу за рождение этой новеллы: «...Господи, но тогда не появилась бы на бумаге эта новелла-быль. Видеомагнитофон, даже Panasonic, можно приобрести в заурядном магазине электротоваров, его производство поставлено на массовый поток. Новелла - товар штучный. Их создают свихнувшиеся индивидуалисты-одиночки» [3, с.34]. Снегин-писатель выше нанесенных ему жизнью обид, вне прозы жизни и прощает молодому поколению, представителем которого является Рустам, «мелкое зло».

Надо подчеркнуть еще одну особенность этой повести: она представлена как внутренний монолог героя-рассказчика, поток сознания. На первом плане все же не само невероятное событие, а личность рассказчика-повествова-

теля, и главный предмет изображения - его внутреннее состояние, эмоционально окрашенные впечатления, внерациональные потрясения и поступки, чувства. Во время его тяжелого физического состояния происходит с его участием круто заверченный, динамично развивающийся сюжет, с неожиданными поворотами действия, содержащего мотивы тайны, детектива, и неожиданным для данной истории финалом: обижены Зять и Внучка, плачет Правнук, расстроен Сын, но сам автор-рассказчик доволен «странным подарком Судьбы»: «Видеомагнитофон - ему, Рустаму, мне - Быль, обернувшуюся новеллой. Это ли не везение, не сюрпризный подарок самому себе? Загадочный, таинственный, даже бредовый. Но, насколько помню, новелл без загадок и неожиданностей я не встречал» [3, с.41]. Рассказчик сам конструирует ход произошедших событий и дает свое объяснение поступкам («проказам») Рустама, как следователь, распутывает до конца тайну, связанную с видеомагнитофоном. Снегин акцентирует наше внимание на мысли о том, что повседневная действительность, в которой катастрофически быстро меняются человеческие ценности, становится год от года страшнее и оттого безобразнее. Подтверждением служит история, случившаяся 23 июля 2000 года с ним и его родными, так же не защищенными в родном городе Алма-Ате. Точное время и место действия – это еще один элемент поэтики снегинской повести последних лет.

1. Снегин Дм. Флами // Дм.Снегин. Флами, или очарованные собой. Степная сказка: Повесть. Венок абаевских сонетов. Бессонья очи. Стрижи и проталины: Стихи.- Алматы: Ана тілі, 1997.- С.5 - 78.

2. Снегин Дм. Сказать себя, или Пелым и его обитатели // Снегин Д.Ф. Повести и рассказы. – М.: Русская книга, 2003. – С.65-382.

3. Снегин Дм. Видеомагнитофон № 00001, или Проказы Рустама // Простор. -2001. - №1. – с.7 – 56.

*А. А. Оспанова*

## СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЖАНРЛЫҚ ЖАҒАШЫЛДЫҚ СИПАТТАРЫ

Қазақ поэзиясының дәстүрлі он бір, жеті және аралас буынды өлеңдері ұлы Абайдан кейін құбыла молаюы Сәкен тұсында мейлінше

күшейе түсті. Өйткені қазақтың ақындық аспап-ныңда Мағжан, Ілияс, Бейімбет, Сәкен сынды сәйгүліктердің бәсеке жарысы өлең өрнегіне

жаңалық әкелді. Жаңа мазмұн, жаңа түрді қажетсінді.

Сәкен поэзиясында тоникаға іш тарту басым болды. Ұйқастан туатын ырғақты интонациялық екпінмен жеткізу қазақ поэзиясына сіңе бастаған жаңалықтың нышаны, силлабикалық өлеңге тоника элементтерінің ене бастауы еді. Абай мұны білдіртпей, сездірмей жүзеге асырса, Сәкен осы принципті «Советстанда» әбден орнықтырып, қара өлең өрнегінде бұрын кездеспеген жаңа түр жасады.

Замана бейнесін жасау мақсатында ден қойған автор көбіне жеделдікті, екпінділікті, өзгеріс-құбылысты жеткізу үшін ойды үйіптөгіп, бастырмалатып айту замана динамикасына сай келетінін ұғады. «Ақырды асау, жаңғырды дала» деген сияқты қимылды тездете түсуге мүмкіндік беретін мақамды көп қолданды. Қазақ өлеңдерінің негізгі құрылысы эн-эуенге, саз ырғағына бейімделгендіктен интонациялық принцип көбіне тақпақтап, түйіп-түйіп айтуға іш тартып тұрады.

Зырла, экпресс, ұш зырла!  
Жұлдыздай-ақ құлдыра!  
Құйындай құтыр, бұлдырла!  
Аямай жүгір бәрің де!

деген өлеңінің бар динамикасы дауыс екпініне құрылады да, өлең ұйқасы екінші қатарға көшіріліп, айтар ой ақырғы жол өзгешелігінен табылып отырады.

Егер мінсе – шыдасын!  
Қорқақтар мейлі жыласын.  
Шыдамаса құласын!  
Аямай сілте барынды!

деп жігерлі түйінделеді. Аралас буынды өлеңнің ежелгі құрылысы сақталғанымен де дауыс ырғағы бірінші планға шығып, жаңа леп пайда болады.

Силлабикалық өлең жүйесіне тониканың ырғағын енгізу талабы Сәкен поэзиясында ерте басталған. 1915 жылы жазған «Жазғы түнде» деген өлеңінің әр шумағы жеті жолдан құрылып, оның алғашқы екі жолы бір ұйқаспен /а,а, 4-5 жолы бір ұйқаспен, 3-6 жолдары кейде ұйқасып, кейде ұйқаспай ой екпініне бейімделіп, ақырғы жетінші жолы екінші жолдың логикасымен сабақтасып жатты.

Осы өлеңнің ішкі ырғағына назар аударғанда алғашқы үш жолдың тынысы, лебі бір болып, ой ағынының алғашқы бөлігі тұйықталады. Ал қалған төрт жолдың тек алғашқы екеуі ғана ұйқасқанымен үшінші жолы ой ағынан айқындалады да, төртінші жолын шумақтағы негізгі ойды түйіндейді.

Сонда ойды ырғаққа, интонациялық лепке бағындыру талабы күшті екенін көреміз де, Абай жөргегіне оралып шыққанын байқаймыз.

Осының жетілген түрін «Кел, жігіттер» өлеңінен анық көреміз.

Ал енді Сәкеннің «Түрмеден қашып шыққанда» деген өлеңінің өрнегінде әуен мен ырғақ, бунақ пен ұйқас ажырамас тұтастық тапқан, ой пікір түюге арналған шумақтардың өзі әрқилы болғанымен, дауыс үндестігіне, интонациялық ырғаққа негізделеді де, ішкі ұйқасты аракідік санайды. Бәрі де іс-қимылды аңғартатын етістікпен өріледі.

Мұнан кейінгі өлеңдерінде, әсіресе «Ұлтшылдық сандырағы», «Біздің ұлан», «Ленин» атты өлеңдерінің жаңалығын дамыта келіп «Советстан» түрін жасады /1-247-257 б/.

«Советстан» алты жолдан құрылып, ішкі буын-бунақ қатаң сақталады. Егер өлеңнің ішкі құрылысында ешбір өзгеріс, жаңалық болмаса жол саны мен буын-бунақтың мәні аз болар еді. Бірақ бәрі де керісінше, «Советстан» 11.11.4.4. 4.11. буынды шумақтан тұрғанда силлабиканың негізгі шарты дұрыс сақталғанымен де, тоникалық интонация анық сезіледі. 1,2 және 6 жолдар бунақтап айтуды қажет етсе, 3,4,5 жолдар міндетті түрде нәшпенен бөлшектеуді, тақпақтап айтуды талап етеді. Демек интонациялық принцип өлеңнің өн бойына емес, тек белгілі бір жолдарына (3,4,5) дарып, екпінді ырғақ пайда болады. Ішкі ұйқастың да атқарып тұрған ролі зор. Бунақтар әр жолда тұрақты буынмен беріледі де, дауыс ырғағына әрқашан екпін түсіріп, экспрессияны күшейтеді. Сонда бүкіл өлең шумағына динамика еніп, қимыл-әрекет өзінен-өзі пайда болады.

4                         4                         3  
Айда, отарба, (күш аямай) айдап бақ, (11) а  
4                         4                         3  
дөңгелегін (зырласын), тақ-тақ-тақ! (11) а  
Шаңқан жарық, (4) б  
Шамға қарық (4) б  
Болсын халық (4) б

4                         3                         3  
Электр жак (тынбай айда) жол ұзақ (11) а

«Советстан» өлең өрнегіне интонация ортақ қазық болып, әрқилы лептердің бәрін өзіне бағындырады, адуынды тірлікті жаңа лептер жырлауға мүмкіндік беретін өрнекке айналады.

«Қазақ поэзиясының мазмұнына революция жасаған Сәкен дәл осындай революцияны оның лексикасы мен түріне де жасады. Оған көп мысалдың біреуі — «Советстан» поэмасы» — деп түйген С.Мұқанов пікіріне қосылмасқа болмайды /2 172- б/.

Сонымен «Советстан» - қазақтың силлабикалық өлең жүйесіне тоникалық элементтерді мольнан енгізуге болатындығын әбден дәлелдеген туынды. Қазіргі қазақ поэзиясына осы жаңалық әбден сіңісіп кетті.

Сәкен өлеңді ойға құру, ақ өлеңге іш тарту, мазмұнды түрмен ашу, беру сияқты ізденістерді өрістете келіп сылқым сылдыры, ойнақы өрнегі бар «Сыр сандықты» дүниеге әкелді.

Сыр сандықты ашып қара, (8)

Ашып қара сырласым. (7)

Сым пернені басып қара, (8)

Басып қара жырласын (7)

Өлеңді дөңгелендіре өрнектеу де қазақ поэзиясы үшін тың жаңалық болумен қатар, осы шырқ айналған сөздердің сазы көңіл қошын тез тауып, еріксіз би билеткендей. Шалыс ұйқаспен жазылуы да өлеңнің инверсиясын күшейтіп, динамикасын ойнақы еткен. Сәкеннің мәнді ізденістері осындай сәтті түрлерге жеткізіп, халықтың эстетикалық талғамын қалыптастыруға жәрдемін тигізеді. «Советстан» мен «Сыр сандыққа» еліктеушілер өте көп болды.

Сәкен қазақ поэзиясының қыр-сырын жетік біліп, сөз құдіретін еркін меңгерген художник.

Қара жерден асқан асып ұшайық,

Жерді, аспанды біріктіріп құшайық.

Аспан, жерді қуыршақтай қапсырып,

Алып қолға ыркап-шайқап қысайық

дегендегі өр рух пен бейнелі образ көрінген ақынның қиялына келе бермейтіні белгілі. Аспандағы қызыл жұлдызды жердің сәніне айналдыру ниетінің өзі қандай өрелі болса, жер мен көкті қуыршақтай ойнатудың інжу-маржандарын Сәкеннен көп табамыз, өйткені ол, «тұла бойы тұнған ақын» (Ғ.Мүсірепов). М.Әуезов ойымен түйіндесек, «Сәкеннің ақындық асуларында әр жотадан атой бергендей, тәкәббар сөз үндері «жабы емеспіз тұлпармыз», «құладін емес сұңқамыз» деп бұрынғы өткен тарихқа, бүгінгі оянған табына дабыл ұрады. Оның шығармаларына біткен сезімнің барлығы да айқын, ашық. Тұтас бітімді, жоталы тұлғадан туатын көрнекті бүтіндігі бар сезімдер. Оның шыншылдығы қозып, жанып отыратын, буы бүлініп тұрған барынша шын сезім, шын жүрек шыншылдығы. Сондықтан мұның жолы әр адымын санап басқан кісінің жолы емес, ылдиды бар, өрі бар – шын өмір жолы, ыстық қанды нағыз Ақын жолы. Тегінде мағыналы, өрісті, көш бастар, белге шығар үлкен еңбек туса осындай қайнар көзден шығуға ылайық» деген кемеңгер ой Сәкеннің ұлы ақындығын айғақтай түсіп, әдебиеттегі орнын айна қатесіз белгілейді.

Оның бар арман тілегі кешегі өткенді бүгіннің пайдасына жарату, сөйтіп жаңа әдіспен қанат жая бастаған әдебиеттің негізгі өркендеу арнасын айқындау болды. Оны талай құнарлы шығармаларымен дәлелдеп, өлмес мұра қалдырып кетті. С.Мұқанов сөзімен түйіндесек, «С.Сейфуллин барлық жанрда да елеулі еңбек

атқарып, бәрінің де алғашқы бұлжымас берік қадасын қағып берді».

1914 жылы «Айқап» журналына жазған хаты және «Өткен күндер» өлеңдер жинағындағы публицистикалық ой-сыңай, пікір-әуен.

1917 жылы «Тіршілік» кейінірек «Ұшқын», «Кедей сөзі», «Еңбекші қазақ» газеттеріндегі жалынды мақалаларға жалғасты.

Жаңа өмір қарқын ала бастағанда «Енді бір жиырма жылдың ішінде қазақ өнерлі халықтардың қатарына кіру керек» деген программаның негізгі өзегі – оқу-білім болған соң республика бюджетінің жартысын халық ағарту саласына бөлуді, сол үшін сөгіс естуі әшейінгі «қателік» емес еді. Өйткені Сәкен «қазаққа оқу бұрын бір мәртебе керек болса, енді мың мәртебе керек. Оқусыз қазақтың болашақтағы күні қараңғы» деп тауып, осы программаны жүзеге асыру жолдарын іздеп басын тауға да тасқа да ұрды. Сондықтан ол, елдің атқа мінген бастықтары оқу ісіне қарамай кетсе, ел балалары оқусыз жүрсе, қазақтың келешек жас буынының мың лағынеті айтылады. Ісіңмен, күшіңмен, тіліңмен болса да оқу ісіне жәрдем қылмасаң – кейінгі жас буынның қолы жағанда кетеді» деген жан сөзін айтты, жазды. Ойының өрелі ісінің пәрменді, аңқылдаған жанының пәк екенін көрген елі, оны ардақ тұтып, қадірледі, құрметтеді, оның үндеуіне құлақ түріп отырды.

Осы деректің алынуына серке болып, айрықша еңбек сіңірген Сәкен нақты қадамдар сылбырлау болған кезде «Қазақ тілін үйрену және жүзеге асыру барлық қызметкерлердің тек достық ынтымағына байланысты» екенін ескертіп, кежіргісі кейін тартып, айрықша мәнді іске кесірін тигізбек болғандарға «Ашық хат» жазды. «Біздің қазақ коммунистердің кейбіреуі қазақ тілі туралы қатты кірісуге... «біреу ұлтшыл деп айтады» деп бой тартады. Бірақ, бұл – қулық, бұл коммунистік қылық емес, ол – жарамсақтық, жағымпаздық» деп табаланғаны қазір айтуға ғана оңай.

Баяндай берсе Сәкеннің қоғамдық әлеуметтік салада да, мемлекеттік іс ауқымында да тындырғандары өте көп. Осының бәрін еселей, жайната, жарқырата түсіретін керемет өнерпаздықтың тұла бойынан табылғанының өзі зор қуаныш. Жаңа заман әдебиетінің мазмұны мүлде соныланып, суреттелер кейіпкерлері өзгергендігін жыға түсінген Сәкен драматургияда Еркебұланды сахнаға шығарса, өмір бойы поэзияға үйреніп қалған халыққа қара сөзден нәр, ләззат алдыру әдебиетті өсірудің ұлы шарты екенін әбден ұғып, замана шындығына негізделген

шығармалар жаза бастады. Оның ең ірісі – «Тар жол, тайғақ кешу».

«Қазақ әдебиеті тарихында» бұл шығарма «қазақ әдебиетінің қалыптасу дәуірінде шешуші роль атқарды. Фактілердің, документтердің молдылығымен де, жазушының нақты көркем суреттеуімен де жеткізіп суреттейтін күрделі роман әрі тақырып жаңалығымен, әрі тарихшылдық пен суреткерліктің жарастық табуымен кімді болса да қызықтырады» деп бағаланды.

XX ғасыр басындағы тарихи оқиғалардың энциклопедиялық анықтамасы болған роман-эссенің тарих мен әдебиеттің бел қайыстырар ауыр жүгін қосарлай арқалауы, құйынды да дауылды, шапағатты да қасіретті кезеңнің шежіресін жасап беруі Сәкен үшін ғана емес, бүкіл әдебиетіміз үшін олжа. Өйткені ұлтымыздың тағдыры тәлкекке түскен 1916 жыл зобалаңының ортасында, 1917 жылы елді қаңсыратқан қияметқайымның басы-қасында қазақтың ойы толғамды, тілі өткір, қаламы ұшқыр сөз зергерлері аз болған жоқ, алайда олардың ішінен шыңға шыққан шынардай тек Сәкеннің ғана «Тар жол, тайғақ кешуді» жазуы, бірінші уақыт талабы болса, екінші автордың қаһарман батылдығын, ұрпақ алдындағы адалдығын, әлеуметтік парызын мықтап сезінгенін аңғарғаны сөзсіз.

Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешуі» – қазақ кеңес прозасының туып, қалыптасу дәуіріне дүниеге келген беленді туынды болғандықтан социалистік реализм әдісін игеру бағытында қандай өнерпаздық өткелдерден өту керектігін айқын аңғартқан, үлкен жанрлық сапарға дайындалған поэзиямыздың принциптік бағдарын біршама дәл белгіленген, бүгінгі өмір шындығын көркем шығарманың арқауы ету керек деген негізгі қағиданы тәжірибе жүзінде дәлелдеп, роман жанрын игеруге әбден мүмкіндік барын айқындап берген шығарма болды.

Сәкен шығармаларының идеялық-эстетика-

лық нысанасына назар аударған уақытта көркем шеберлікті ұстарту жолындағы іздеріне көз салмасқа болмайды.

Қазақ мәдениетінің тарихында үлкен құбылыс болған «Қазақ әдебиеті» атты монументальды еңбегінің орны бөлек. Өйткені ол біріншіден жоғары оқу орындарының оқу құралына зәрулігін өтеді. М.Әуезовтің «Әдебиет тарихы» деген еңбек жазып, 1927 жылы шығарма болғаны рас. Бірақ, сол кездегі әпербақандар ол кітапты шығартпады, дайын тұрған тиражын өртеп жіберген болатын. Екіншіден, қазақ ауыз әдебиетінің тарихын Сәкен ғылыми жүйемен талдап, қазақ фольклористикасының негізін мықтап қалады. Ол қазір өрістей дамып, едәуір биіктерге қол созды.

Тарих әркімнің тілегімен жасалып, жоспарланбайды. Замана ағымын аңғартып, кезең шындығын түсінген саналы азамат қана көздеген мақсатына жетеді, абырой-беделге ие болады. Сондықтан «Сәкен – қазақ совет әдебиетінің негізін бірден-бір қалаушы, көшбасшы болды. Тарих оған жүктеген міндетті ешқайсымыз атқарған жоқпыз. Тарихқа зорлық жүрмейді» - дегенді Ғабит Мүсірепов айтқан уақытта Сәкен өнерпаздығы мен қайраткерлігін түгелдей жасап, жаңа мазмұнға лайық жаңа түр тапқанын, әдебиеттің бар саласында еңбектеніп, қадау-қадау биіктерін жасап бергенін тарих еш уақытта ұмыта алмайды.

1. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. 2-кітап. Алматы «Қазақ университеті» 2002. 247-268 беттер.

2. С. Мұқанов. «Өсу жолдарымыз». Мақалалар. Алматы, 1960, 172-бет.

\* \* \*

В статье рассматриваются жанрово-художественные искания и новаторство, классика казахской литературы Сакена Сейфуллина.

\* \* \*

The article deals with the genre-art seeking and innovation, the classics of Kazakh literature S. Seifullin.

*Фарида Рамиз кызы Сафиева*

## ОБРАЗ МАТЕРИ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ НАБИ ХАЗРИ

Тема матери всегда была актуальна в Азербайджанской литературе, особенно в поэзии. Не было ни одного поэта, который не затронул бы эту тему. И многие из произведений пропитаны искренностью, любовью. Большинство поэтов посвящало свои стихи матерям не в ранней

молодости, а в годы зрелости, в пору подведения итогов пройденного пути. Это так. Но великий Азербайджанский поэт Наби Хазри еще в середине 60-х годов XX века, будучи достаточно молодым, написал стихотворение «Старенькая мать».- Вот оно: